

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
КеАҚ «Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
НАО «ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА»

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
NJSC «L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY»



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА КҮНІНЕ АРНАЛҒАН
«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАСЫ:
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫ**

**МЕЖДУНАРОДНАЯ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ,
«НАЦИОНАЛЬНАЯ ВАЛЮТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:
ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ И ФИНАНСОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ»
ПОСВЯЩЕННАЯ ДНЮ НАЦИОНАЛЬНОЙ ВАЛЮТЫ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE,
«NATIONAL CURRENCY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN:
ECONOMIC GROWTH AND FINANCIAL TECHNOLOGIES»
DEDICATED TO THE DAY OF THE NATIONAL CURRENCY
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**



13 ҚАРАША, 2024 АСТАНА

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА**

**MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**



**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ
ВАЛЮТАСЫ: ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ ЖӘНЕ
ҚАРЖЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ»**

**Қазақстан Республиканың ұлттық валюта күніне арналған
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ**

13 қараша 2024 жыл

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

**Международной научно-практической конференции,
«НАЦИОНАЛЬНАЯ ВАЛЮТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:
ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ И ФИНАНСОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ»
посвященной дню Национальной валюты Республики Казахстан
13 ноября 2024 год**

COLLECTION OF MATERIALS

**International scientific and practical conference,
«NATIONAL CURRENCY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN:
ECONOMIC GROWTH AND FINANCIAL TECHNOLOGIES»
dedicated to the Day of the National Currency of the Republic of Kazakhstan
November 13, 2024**

ASTANA, 2024

УДК 336.743 (574)
ББК 65262.6 (5Қаз)
Ж 14

«Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы: экономикалық өсу және қаржы технологиялары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы = Международная научно-практическая конференция «Национальная валюта Республики Казахстан: экономический рост и финансовые технологии» = International scientific and practical conference «National currency of the Republic of Kazakhstan: economic growth and financial technologies» - Астана: – 688 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-82-2

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы күніне арналған "Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы: экономикалық өсу және қаржы технологиялары" тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағында жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар мен студенттер өткізген өзекті және проблемалық мәселелер бойынша авторлық зерттеулердің нәтижелері ұсынылған. Басылым студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, сондай-ақ қазіргі ғылымның өзекті мәселелерімен айналысатын оқырмандардың кең ауқымына арналған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции, посвященный дню национальной валюты Республики Казахстан на тему «НАЦИОНАЛЬНАЯ ВАЛЮТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ И ФИНАНСОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ» представлены результаты авторских исследований по актуальным и проблемным вопросам, проведенных молодыми учеными, докторантами, магистрантами и студентами. Издание предназначено для студентов, магистрантов, докторантов, а также для широкого круга читателей, занимающихся актуальными проблемами современной науки.

The collection of materials from the international scientific and practical conference dedicated to the Day of the National Currency of the Republic of Kazakhstan on the topic "NATIONAL CURRENCY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN: ECONOMIC GROWTH AND FINANCIAL TECHNOLOGIES" presents the results of the author's research on current and problematic issues conducted by young scientists, doctoral students, master's students and students. The publication is intended for students, master's students, doctoral students, as well as for a wide range of readers involved in current issues of modern science.

УДК 336.743 (574)
ББК 65262.6 (5Қаз)

ISBN978-601-7697-82-2

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024

УДК 336.743 (574)
ББК 65262.6 (5Қаз)
Ж 14

Рецензенттер:

Алина Г.Б. - ҚР БҒМ БҒСБК қауымдастырылған профессоры, Esil University мекемесінің «Бизнес және басқару» факультетінің деканы

Мажитов Д.М. – экономика ғылымдарының кандидаты, «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КЕАҚ профессоры

Редакциялық алқа:

Жағыпарова А.О. – экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультетінің деканы, Астана қ.

Мақыш С.Б. – экономика ғылымның докторы, профессор, Esil университетінің бірінші проректоры – академиялық мәселелер жөніндегі проректор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ диссертациялық кеңесінің төрағасы, Астана қ.

Бұлақбай Ж.М. – экономика ғылымдарының кандидаты., доцент, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі, Астана қ.

Майдырова А.Б. – экономика ғылымның докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Экономика және кәсіпкерлік» кафедрасының меңгерушісі, Астана қ

Сембиева Л.М. – экономика ғылымның докторы, профессор, ЕҰУ «Мемлекеттік аудит» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

Аманова Г.Д. - экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Есеп және талдау» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

Муталиева Л.М. – экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Туризм» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

Мухияева Д.М. –Phd докторы қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Менеджмент» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

ISBN 978-601-7697-82-2

«Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы: экономикалық өсу және қаржы технологиялары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. – Астана: "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті"КЕАҚ, 2024. – 699

Сборник трудов международной научно-практической конференции «Национальная валюта Республики Казахстан: экономический рост и финансовые технологии» . – Астана: НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева», 2024. – 699

Works of the International scientific and practical conference «National currency of the Republic of Kazakhstan: economic growth and financial technologies» . – Astana: NAO "L.N. Gumilyov Eurasian National University", 2024. – 699

ISBN 978-601-7697-82-2

УДК 336.743 (574)
ББК 65262.6 (5Қаз)

© "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті"КЕАҚ, 2024
© НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева», 2024
© NAO "L.N. Gumilyov Eurasian National University", 2024

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТТІҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНЕ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ЖҮРГІЗУДІҢ МАҢЫЗЫ

Жартыбек Дарина Берікқызы, Сапарбек Ұлжан Диасқызы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің Мемлекеттік аудит БББ 3 курс
студенттері, Астана, Қазақстан

E-mail: dzhartybek@bk.ru , Uka.saparbek@gmail.com

Ғылыми жетекші: Алибекова Балшекер Ашикбаевна, э.ғ.к., доцент

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,
Астана, Қазақстан

Аңдатпа. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» заңына сәйкес, мемлекеттік аудит бюджеттік қаражаттар мен мемлекеттік құрылымдардың активтерін тиімді пайдалануға бағытталған. 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі шоғырландырылған қаржылық есептілікті аудиттеу нәтижелері бюджет активтері мен міндеттемелерінің өскенін, сондай-ақ кірістер мен шығыстар арасындағы дисбаланс мәселелерін айқындайды. Анықталған проблемалар қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін бюджет басқаруын жетілдіру қажеттілігін көрсетеді.

Кілт сөздер: мемлекеттік аудит, қаржылық есептілік, бюджет, активтер, міндеттемелер, тапшылық.

Аннотация. Закон Республики Казахстан «О государственном аудите и финансовом контроле» определяет цели государственного аудита, направленные на рациональное использование бюджетных средств и активов государственных структур. В статье представлены результаты аудита консолидированной финансовой отчетности на 31 декабря 2023 года, акцентируя внимание на росте бюджетных активов и обязательств, а также на проблемах, связанных с дефицитом и несоответствием между доходами и расходами. Выявленные проблемы подчеркивают необходимость улучшения бюджетного управления для обеспечения финансовой стабильности.

Ключевые слова: государственный аудит, финансовая отчетность, бюджет, активы, обязательства, дефицит.

Annotation. The Law of the Republic of Kazakhstan "On State Audit and Financial Control" outlines the goals of state audit aimed at the efficient use of budgetary funds and assets of state entities. This article presents the results of the audit of consolidated financial statements as of December 31, 2023, highlighting the increase in budget assets and liabilities, as well as issues related to deficits and discrepancies between revenues and expenditures. The identified problems emphasize the need for improved budget management to ensure financial stability.

Keywords: state audit, budget, financial statements, assets, liabilities, deficit.


Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» заңына сәйкес, мемлекеттік аудиттің мақсаты бюджеттік қаражаттарды, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін тиімді пайдалану болып табылады [1]. Осыған сәйкес, мемлекеттік аудиторлар республикалық бюджеттің қаржылық есептіліктеріне зер сала отырып, мемлекет қаражатының тиімді, дұрыс, мақсатқа сай жұмсалып жатқандығына көз жеткізе алады. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігін (бұдан әрі – РБ ШҚЕ) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 640 бұйрығымен бекітілген Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау

қағидаларына (бұдан әрі – ШҚЕ жасау қағидалары) сәйкес қалыптастырған. [4]

РБ ШҚЕ аудитінің негізгі мақсаты республикалық бюджет деңгейінде шоғырландырылған мемлекеттік есепті кезеңдегі мүлктік жағдайы мен қаржылық нәтижелері туралы ақпараттың анықтығы мен объективтілігін растау болып табылады. Мақала РБ ШҚЕ 2023 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша аудиторлардың есебіне сүйене отырып негізделген.

РБ ШҚЕ 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша толық көлемде келесі мәліметтерді қамтыған:

- Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс;
- Қаржылық қызмет нәтижелері туралы шоғырландырылған есеп;
- Ақша қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп;
- Таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы шоғырландырылған есеп;
- Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба.



Сурет 1. 2020-2023 жылдардағы РБ ШҚЕ активтерінің серпіні. (млн. тг)
Ескерту: Дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

Мәліметтерге сүйене отырып, республикалық бюджет активтерінің жиынтық көлемінің есепті кезеңнің басталу кезеңімен салыстырғанда активтердің 7%-ға ұлғайғанын көре аламыз. 2020 және 2024 жылдар аралығында активтердің 1,3 есеге яғни, 5 854 131,1 млн тг ұлғайғаны байқалады. Активтердің серпінін келесі суреттен көрсетілген. [2]


Берілген есепке сәйкес, активтер мөлшерінің ұлғаюы негізінен «Негізгі құралдар» бабы мен «Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар» бабтарының өсуі есебінде байланысты болды, бұл мемлекеттің капитал базасын нығайтуға және ұзақ мерзімді тұрақтылыққа басымдық беретінін көрсетеді.

Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар жиынтық активтердің 60,42% құрап, 15 414 640,3 млн. теңгеге жетті. 2023 жылы олардың көлемі 881 477,9 млн.теңгеге өсті, бұл үкіметтің квазимемлекеттік құрылымдар мен халықаралық қаржы институттарына инвестициялау арқылы тұрақты табыс көзін құру жөніндегі стратегиясын атап көрсетеді.

Негізгі қаражат барлық активтердің 20,6% ға яғни, 5 254 566,1 млн. теңгені алады, өткен жылдан 884 060,3 млн. теңгеге ұлғайды. Негізгі құралдар көлемінің ұлғаюы көлік, энергетика және әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуды қоса алғанда, инфрақұрылымдық және капиталды қажетсінетін жобаларға белсенді инвестицияларды көрсетеді.

Келесі міндеттемелерге көңіл аударсақ, 2024 жылдың басында бюджеттің жиынтық міндеттемелері өткен жылмен салыстырғанда 19,3% - ға ұлғайып, 29 744 876,3 млн. теңгені құрады. Келесі, суретте көріп отырғандарыңыздай, соңғы бес жылда міндеттемелер екі есеге

жуық өскені байқалады, 15 710 989,0 млн. теңгеден 29 744 876,3 млн. теңгеге дейін ұлғайды.



Сурет 2. 2018-2023 жылдардағы РБ ШҚЕ міндеттемелерінің серпіні (млн. тг.).
Ескерту: Сурет дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

Міндеттемелердің ең үлкен үлесін ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер құрайды, бұл стратегиялық қарыздар мен ұзақ мерзімді өтеу мерзімі бар борыштық міндеттемелерді көрсетеді. 2023 жылдың соңында ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер 22 200 730,1 млн. теңгені немесе міндеттемелердің жалпы сомасының 74,64% құрады. Бір жыл ішінде олардың көлемі 2 623 018,4 млн. теңгеге ұлғайды.

Кредиторлық берешек және салық есептеулері сияқты қысқа мерзімді міндеттемелер жалпы құрылымның аз бөлігін құрайды, бірақ олардың көлемі де өсті. Мысалы, салықтар мен салықтық емес түсімдер бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер 1 580 385,1 млн. теңгеге өсті, бұл бір жылдағы міндеттемелердің жалпы өсімінің 32,9% - құрайды. Бұл міндеттемелер салық төлеушілер мен басқа несие берушілер алдындағы ағымдағы қаржылық міндеттемелерді көрсетеді және бюджеттік өтімділікті сақтау үшін жедел өтеуді талап етеді.

2023 жылы республикалық бюджеттің кірісі 24 310 599,2 млн. теңгені құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 12,2% - ға жоғары. Соңғы бес жылда кірістер 1,6 есеге, 14 766 221,9 млн. теңгеден ағымдағы ҰБТ деңгейіне дейін өсті. Республикалық бюджет кірістерінің құрылымы 3-кестеде көрсетілген.

3-кесте. Республикалық бюджет кірістерінің құрылымы

млн. теңге

Республикалық бюджет кірістерінің түрлері	2023 жыл		2022 жыл	
	Сомасы	Үлесі, %	Сомасы	Үлесі, %
<i>Айырбас емес операциялардан алынатын кірістер, соның ішінде:</i>	22 060 299,9	90,74%	20 911 747, 9	96,49%
Бюджетке түсетін түсімдерден кірістер	22 057 266,1	90,73%	20 910 769,5	96,48%

Қайырымдылық көмектен алынатын кірістер	1 656,3	0,01%	100,8	0,00%
Гранттар	1 377,5	0,01%	877,6	0,00%
Айырбас операциялардан алынатын кірістер	31 290,6	0,13%	23 402,9	0,11%
Активтерді басқарудан түскен кірістер	1 453 075,8	5,98%	307 427,6	1,42%
Өзге кірістер	765 933,0	3,15%	429 991,7	1,98%
Кірістер, барлығы	24 310 599,2	100,00%	21 672 570,0	100,00%

Ескерту: кесте дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

Республикалық бюджеттің шығыстары 2023 жылы 27 008 419,3 млн. теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 18,9% - ға ұлғайған. Шығындар кірістерге қарағанда жылдам қарқынмен өсуде, бұл бюджеттік басқарудың теңдестірілген тәсілінің қажеттілігін көрсетеді. Шығыстардың басым бөлігін 2023 жылы 14 125 012,6 млн. теңгеге жеткен Әлеуметтік және инфрақұрылымдық бағдарламаларды қоса алғанда, бюджеттік төлемдер немесе барлық шығыстарының 52,3% құрайды. Сонымен қатар, шығыстардың едәуір бөлігі субсидиялар мен трансферттерді қоса алғанда, басқа шығындарға (25,4%) тиесілі, бұл мемлекеттің әртүрлі экономикалық секторлар мен әлеуметтік бағдарламаларды қолдау жөніндегі күш-жігерін көрсетеді. [5]

Төменде 4-кестеде республикалық бюджет шығыстарының құрылымы көрсетілген.


4-кесте. Республикалық бюджет шығыстарының құрылымы

млн. теңге

Республикалық бюджет шығыстарының түрлері	2023 жыл		2022 жыл	
	Сомасы	Үлесі, %	Сомасы	Үлесі, %
I	II	III	IV	V
Мемлекеттік мекемелердің шығыстары	4 177 038,5	15,47%	3 456 307,3	15,21%
Бюджеттік төлемдер бойынша шығыстар	14 125 012,6	52,3%	11 856 143,9	52,18%
Активтерді басқару бойынша шығыстар	1 842 315,0	6,82%	1 322 161,7	5,82%
I	II	III	IV	V
Өзге шығыстар	6 864 053,2	25,41%	6 088 862,1	26,79%
Шығыстар, барлығы	27 008 419,3	100,00 %	22 723 475,0	100,00 %

Ескерту: дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

Кірістер мен шығыстардың арақатынасын келесі суретте көрсетілгендей, шығындар соңғы жылдары бюджет кірістерінен жүйелі түрде асып түседі, бұл теріс қаржылық нәтижеге әкеледі. 2023 жылы тапшылық 2 697 820,1 млн. теңгені құрады, бұл кірістер (24 310 599,2 млн. теңге) мен шығыстар (27 008 419,3 млн. теңге) арасындағы айырмашылықты көрсетеді. Соңғы бірнеше жылда бұл айырмашылық барған сайын айқын бола бастады, бұл қарыздардың жинақталуына және бюджет міндеттемелерінің ұлғаюына әкеледі.



Сурет-5. Республикалық бюджеттің кірістері мен шығыстарының арақатынасы (млн. тг.).

Ескерту: сурет дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

ҚР РБ ШҚЕ бойынша талдау барысында бірнеше кемшіліктер мен мәселелерді анықтадық. Оларға жеке тоқталатын болсақ, ең алдымен бұл кірістер мен шығыстардың дисбалансы. Атап өтсек, 2023 жылы республикалық бюджет тапшылығы 2 697 820,1 млн. теңгені құрады, бұл кірістер мен шығыстар арасында айырмашылықты көрсетеді. Тапшылықтың ұлғаюы қаржылық тұрақтылыққа қауіп төндіреді.

Келесі кезекте бұл кірістердің жоғары тәуелділігі. Мәселен, бюджеттің 90,73%-ы әлеуметтік емес операциялардан түсетін түсімдерге тәуелді, бұл бюджеттік басқарудың теңдестірілген емес екендігін білдіреді.

Міндеттемелердің өсуі бұл тағы бір мәселе. 2024 жылдың басында міндеттемелер 19,3%-ға өскен. Бұл мемлекеттік органдардың қаржылық жағдайын күрделендіру мүмкін. Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелердің жалпы міндеттемелердің 74,64%-ын құрайтыны., бұл стратегиялық қарыздар мен ұзақ мерзімді өтеу мерзімі бар міндеттемелердің көбейіп жатқанын көрсетеді.

Зерттеу барысында байқаған келесі бір мәселе ол – ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялардың үлесі. Активтердің 60,42%-ын құрайды, бірақ мемлекетке берілген инвестициялар мен қаржылық тұрақтылықтың арасындағы байланыс әлсіз болуы мүмкін. Инвестициялардың көбі квазимемлекеттік құрылымдарға бағытталған, бұл ұзақ мерзімді стратегияның біржақтылығына әкелуі мүмкін.

Шығындардың жоғары қарқыны республикалық бюджетті зерттеу барысында бірден көзге түседі. Шығыстар кірістерге қарағанда жылдам өсуде, бұл бюджеттік басқарудың теңдестірілген тәсілінің қажеттілігін көрсетеді. Сонымен қатар, шығыстардың едәуір бөлігі әлеуметтік бағдарламаларды қолдауға бағытталған, бірақ бұл бюджеттік қысымды арттыруы мүмкін.

Осындай мәселелерді анықтай келе, келесідей ұсыныстарды береміз. Ең алдымен бұл бюджеттік басқару жүйесін жетілдіру қажеттілігі. Шығыстар мен кірістердің тепе-теңдігін қамтамасыз ету үшін кешенді бюджет саясатын жүзеге асыру қажет. Кіріс көздерін әртараптандыру. Яғни, бюджеттің кіріс базасын кеңейту үшін салық реформаларын енгізу немесе оларды жетілдіру. Міндеттемелердің ұлғаюы есебінен міндеттемелерді тиімді басқаруды дамыту. Қарызды басқару стратегиясын қайта қарап, ұзақ мерзімді міндеттемелердің артуын бақылап, мониторингті жүргізіп отыру. Келесі бұл, инвестициялардың мақсаттылығын мен тиімділігін анықтау, ресурстарды тиімді пайдалану үшін олардың тиімділігіне мониторинг жүргізіп отыру. Осы берілген ұсыныстарды жүзеге асыру республикалық бюджеттің қаржылық тұрақтылығын және тиімділігін арттыруға көмектесуі мүмкін.

Қорытындылай келе, ҚР РБ ШҚЕ бойынша мемлекеттік аудит жүргізудің маңызы зор.

Мемлекеттік аудит бюджеттік қаражаттардың, активтердің тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету арқылы қаржылық тұрақтылықты сақтауға көмектеседі. 2023 жылғы РБ ШӨЕ деректері мемлекеттік бюджеттің кірістері мен шығыстары арасындағы дисбалансты, атап айтқанда, тапшылықтың өсуін, кірістердің әлеуметтік емес операцияларға жоғары тәуелділігін, міндеттемелердің артуын және шығындардың қарқынды өсуін көрсетеді. Зерттеу барысында анықталған мәселелер республикалық бюджеттің тиімділігі мен тұрақтылығына қауіп төндіреді. Атап айтқанда, 2023 жылғы бюджет тапшылығы 2 697 820,1 млн, теңгеге жетті, бұл қаржылық басқарудың жүйелі мәселелерін көрсетеді. Міндеттемелердің 19,3%-ға өсуі және ұзақ мерзімді міндеттемелердің 74 64%-ын құрауы қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету қажеттілігін айқын білдіреді. Сонымен қатар, ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялардың 60,42%-ға жетуі, бірақ олардың тиімділігі мен мақсаттылығының анықталмауы, инвестициялық стратегияның әлсіздігін көрсетеді. Жоғары келтірілген ұсыныстарды жүзеге асыру республикалық бюджеттің қаржылық тұрақтылығы және тиімділігін арттыруға ықпал етеді деп ойлаймыз. Бұл мемлекет қаражатының тиімді, дұрыс және мақсатқа сай жұмсалуды қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадамдар болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V ҚРЗ / [Электрондық ресурс] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000392>
2. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Аудит Палатасы, «Республикалық бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне мемлекеттік аудит жүргізу» , Аудиторлық қорытынды, Астана қ. 2024 жыл.
3. Алибекова Б.А. Мемлекеттік аудит (ілгерілетілген) : оқу құралы / Б.А. Алибекова; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. - Нұр-Сұлтан : Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. - 286, [2] б. : сур., кесте. - Библиогр.: б. 277-287. - ISBN 978-601-337-655-4. - Текст : непосредственный.
4. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджетті актару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылы 6 желтоқсандағы № 640 бұйрығы / [Электрондық ресурс] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014624>
5. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-IV Кодексі / [Электрондық ресурс] URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K080000095>

ӘОЖ 657.6, 34.05

ШЫҒЫС АЗИЯ ЕЛДЕРІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУДАҒЫ ТИІМДІЛІК АУДИТІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Жасұланова А. Б.

«Мемлекеттік аудит» білім беру бағдарламасының магистранты,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
e-mail: ainat.zhassulanova@mail.ru

Ракаева Алия Наурызбаевна, к.э.н., доцент

Аңдатпа. Тиімділік аудиті мемлекеттік шығыстардың ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз етуде, сондай-ақ бюджет қаражатын басқару сапасын арттыруда шешуші рөл атқарады. Мақалада Шығыс Азия елдеріндегі, оның ішінде Қытай, Жапония, Оңтүстік